



## БҰРЫМДЫ АРУ – ҰЛТТЫҢ КӨРКІ

→ 4

### ҚАДАҒА

Тазалық – баршаға ортақ. Қала аумағында құрылыс қалдықтары, стихиялық қоқыстың тиісті орынға тасталынуы, тұрғындардың тазалық сақтауы бойынша аумақтық инспекторлар тарапынан тиісті жұмыстар атқарылып жатыр.

## АУЛА ТАЗАЛЫҒЫН САҚТАУ – БАРШАНЫҢ МІНДЕТІ

Айталық, өткен жылы жергілікті полиция қызметімен бірлесе отырып Тараз қаласында күл-қоқыстарды арнайы орынға тастамаған тұлғалар бойынша іс-шаралар жүргізілді. Соның нәтижесінде былтырғы жылы 1 182 нысан иесінің талапқа сай тазалық сақтамағаны анықталды. Оның ішінде 1 008 тұрғынға ескерту берілсе, 174 азаматқа айыппұл салынды.

Бүгінгі таңда «Әулиеата» және «Жібек жолы» аудандарында 1 қазаннан бастап бүгінгі күнге дейін тазалық сақтамаған 392 нысан иесі анықталса, 339 адамға ескерту берілді және 53 адамға айыппұл салынды.

Жалпы, тазалық сақтамаған тұрғындарға, нысан иесілеріне ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 505-бабы бойынша 34 500 теңге мөлшерінде айыппұл белгіленген.

«ЖТ»-ақпарат



→ 2



## БҰРЫМДЫ АРУ – ҰЛТТЫҢ КӨРКІ

→ 4

### ҚАДАҒА

Тазалық – баршаға ортақ. Қала аумағында құрылыс қалдықтары, стихиялық қоқыстың тиісті орынға тасталынуы, тұрғындардың тазалық сақтауы бойынша аумақтық инспекторлар тарапынан тиісті жұмыстар атқарылып жатыр.

## АУЛА ТАЗАЛЫҒЫН САҚТАУ – БАРШАНЫҢ МІНДЕТІ

Айталық, өткен жылы жергілікті полиция қызметімен бірлесе отырып Тараз қаласында күл-қоқыстарды арнайы орынға тастамаған тұлғалар бойынша іс-шаралар жүргізілді. Соның нәтижесінде былтырғы жылы 1 182 нысан иесінің талапқа сай тазалық сақтамағаны анықталды. Оның ішінде 1 008 тұрғынға ескерту берілсе, 174 азаматқа айыппұл салынды.

Бүгінгі таңда «Әулиеата» және «Жібек жолы» аудандарында 1 қазаннан бастап бүгінгі күнге дейін тазалық сақтамаған 392 нысан иесі анықталса, 339 адамға ескерту берілді және 53 адамға айыппұл салынды.

Жалпы, тазалық сақтамаған тұрғындарға, нысан иесілеріне ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 505-бабы бойынша 34 500 теңге мөлшерінде айыппұл белгіленген.

«ЖТ»-ақпарат



→ 2

# КӨНЕ ШАҺАРДА ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ

## Таразда 3 жаңа шағынаудан бой көтеруде

Тараз қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен БАҚ өкілдеріне арналған баспасөз туры өтті. Шараға Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков арнайы қатысып, атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар мен алдағы жоба-жоспарлар жайында кеңінен баяндады.

### Құрбанәлі ШАХАБАЙ

Ең әуелі журналистер «Балауса» (14) шағынауданына барды. Қазіргі таңда аталмыш шағынауданда 22 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Бұл нысандар 2026 жылға өтпелі болғанымен, оларды ағымдағы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

– Қала аумағы кеңейген сайын тұрғын үйлерге деген сұраныстың да артаыны белгілі. Осыған орай қазіргі таңда шаһар аумағында 3 шағынаудан бой көтеруде. Соның бірі – осы «Балауса» шағынауданы. Бұл шағынауданның егжей-тегжейлі жобалау жоспарына сәйкес, мұнда 64 таунахаус, 81 көпөтерлі үй, 2 мектеп, 3 балабақша, онкологиялық диспансер, көпсалалы аурухана, бейінді емхана, лицей-интернат, салтанат сарайы, инновациялық шығармашылық орталығы, дене шынықтыру-сауықтыру кешені, инженерлік құрылымдар, кәсіпкерлік нысандар бой көтереді. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым желілері толығымен тартылған. Үйлердің жертелесінде тұрғындардың керек-жарактарын сақтауға арналған қоймалар және алғашқы қабатында мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы жағдай туғызу мақсатында көтергіштер (подъемник) орнатылып жатыр.

Бұрын тұрғын үйлерді салған кезде олардың



аулалары назардан тыс қалатын. Қазір біз осы олқылықтың орнын толтырып, аулаларды абаттандыруды тұрғын үйлердің құрылысымен қатар қолға алып отырымыз. Яғни, үй салған мердігер оның ауласын да жаңаша кейіпке енгізуге тиіс. Бұл да жұртшылықтың жайлы тұрмысы үшін жасалуда, – деді шаһар басшысы өз сөзінде.

Осы ретте айта кетерлігі, қазіргі таңда «Ұлы дала» (15) шағынауданында да 34 көпқабатты тұрғын үйдің 12-сі пайдалануға тапсырылып, қалған 22

үй әлі салынып жатыр. Сондай-ақ «Шапағат» (16) шағынауданында 16 көпқабатты тұрғын үйдің 12-сі пайдалануға қабылданды. Қалған 4 үйдің құрылысы жалғасуда. Сондай-ақ аталған шағынауданның жоспарлау жобасы бойынша онда 351 жеке тұрғын үй құрылысы, 82 бесқабатты көпөтерлі тұрғын үй, жалпы білім мектебі, балабақша, емхана, халыққа қызмет көрсету орталығы, өрт сөндіру бекеті, әкімшілік ғимараты, жол бойындағы қызмет көрсету нысандары, саябақ, инженерлік, коммуналдық қойма құрылыстарының аумақтары, коммерциялық қызмет көрсету нысандары, перзентхана, спорт кешені, мәдениет үйі, мешіт қарастырылған.

→ 2

### БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

# МЕЙІРІМ МЕН ҚАМҚОРЛЫҚ МЕКЕНІ

Қазан айының екінші жексенбісі елімізде Мүгедектер күні ретінде белгіленген. Осы атаулы күн аясында Тараз қаласындағы №5 Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығында мейірім мен игілікке толы шара ұйымдастырылды.



Іс-шара басталмас бұрын ата-аналар мен жақын туыстар орталықтағы қызмет алушылардың жағдайымен танысып, көрсетіліп жатқан әлеуметтік және медициналық қызмет түрлерін көрді. Қонақтар алдымен ем алушылар жасаған ою-өрнектері мен қылқалам туындыларын тамашалады. Сондай-ақ сумен емдеу, массаж жасау, жүйке жүйесін реттеу, тынығу бөлмелері, асхана және жаттығу залдарының жұмыс барысымен танысты.

Салтанатты жиында орталық директоры Балабек Нарбаев сөз сөйлеп, мұндай шаралардың ата-аналар мен орталық арасындағы сенімді нығайтуға бағытталғанын атап өтті.

– 2014 жылы іргетасы қаланған бұл орталықта арнаулы әлеуметтік қызметтердің сегіз бағыты толық қамтылған. Атап айтқанда, тұрмыстық, медициналық, психологиялық, педагогикалық, еңбек, мәдени, экономикалық және құқықтық бағыттар бойынша қызмет көрсетіледі. Бүгінде мұнда 400-ге жуық қызметкер аянбай еңбек етіп, 550 қызмет алушыға барынша қолайлы жағдай жасауда. Әрине, барлық ата-ананы бір мезетте шақыру мүмкін емес. Сол себепті өткен жылдан бастап «Ашық есік күнін» дәстүрлі түрде ұйымдастыру қолға алынған. Биылғы шараға еліміздің түкпір-түкпірінен 70 ата-ана арнайы келіп қатысты. Бұл бастаманың басты мақсаты – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, ашықтық қағидатын ұстану. Себебі әрбір ата-ананың жүрегінде «Балам қандай ортада өмір сүріп жатыр?» деген алаң бар. Осы орайда ата-аналар өз көздерімен орталықтағы жағдайды көріп, қызмет көрсету бағыттарымен танысты. Көпшілігі: «Балам осындай қамқор ортада, мейірімді жандардың жанында өскенін біліп, көңіліміз орнына түсті» деп шынайы ризашылықтарын білдірді.

Олардың көзіндегі қуаныш пен алғысты көріп, біз де еңбегіміздің еленіп, сенімнің ақталғанына қуаныштымыз, – деген Балабек Жәнібекұлы орталықтағы ерекше күтімді қажет ететін жандарға қамқорлық танытып, қолдау көрсеткен бірқатар азаматты Алғыс хаттармен марапаттады.

Сонымен қатар жиын барысында емделушілердің туыстары да орталық қызметіне жоғары баға беріп, мамандарға алғысын білдірді.

– Осы орталықта менің туған інім – Жақып Әлімбек есімді азамат жатады. Тағдырдың жазуына не шара, әке-шешемізден орте айырылып, өмірдің сан түрлі сынағына тап болды. Күнделікті күйдің тірлік, жұмыстың тығыздығы мен тұрмыстың тауқыметі кейде үйде болуға мүмкіндік бермейді. Ал науқас адамға күтім, қамқорлық пен жан жытуы қажет екенін жақсы білеміз. Сол себепті амалсыздан бауырымды осы орталыққа орналастыруға тура келді. Бүгін, міне, көптен бері ішімде жүрген сағынышымды басып, інімнің жағдайын білуге келдім. Інімнің көңілі көтеріңкі, жүзінен жылылық сезіндім. Бұл да осындағы жұмысның мейірім мен жанашырлыққа толы еңбегінің нәтижесі деп білемін. Осы орайда өз атымнан және отбасымың атынан ініме және өзге де ем алушыларға жан жылуын сыйлап жүрген барлық дәрігерлерге, медбикелерге, әлеуметтік қызметкерлер мен орталық басшылығына шынайы алғысымды білдіремін, – деді ем алушының туысы Көшер Сағатов.

Шараның соңы орталықтың өнерлі қызмет алушылары – Евгений Курган, Акерке Ибрагимова секілді өнерпаздардың концерттік бағдарламасына ұласты.

Жұматай КӨКСУБАЙ

### СЕМИНАР

Тараз қаласында облыстық сайлау комиссиясының ұйымдастыруымен аумақтық және учаскелік сайлау комиссиялары мүшелерінің кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған оқыту-семинар өтті.

## БІЛІКТІ КОМИССИЯ – ӘДІЛ САЙЛАУДЫҢ НЕГІЗІ

Шараны Жамбыл облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Серғали Айдапкелов ашып, қатысушыларды семинардың мақсат-міндеттерімен және күн тәртібімен таныстырды. Одан кейін комиссия төрағасының орынбасары Талғат Жамалов сөз сөйлеп, жиынның негізгі мазмұнына тоқталды.

– Бүгінгі басқосудың басты мақсаты – сайлау комиссиялары мүшелеріне сайлауды ұйымдастырудың теориялық және практикалық негіздерін түсіндіру, сайлау заңнамасын іс жүзінде қолдану тәжірибесін жетілдіру, сондай-ақ кәсіби құзыреттілікті арттыру. Алдымызда 26 қазан күні облыстық мәслихаттағы бос орындарға сайлау өтеді. Қазіргі таңда үміткерлерді тіркеу жүріп жатыр, сондықтан нақты саны әлі белгісіз. Дегенмен, комиссия жұмысы заңмен реттеледі. Егер комиссия мүшесі бекітілген ережелерді бұзса, дәлелденген жағдайда әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын еске саламын, – деді Талғат Салқанұлы.

### ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

2025 жылы мемлекет тарапынан Тараз қаласында 25 балалар ойын алаңшасын салу жоспарланған. Қазіргі таңда бірқатар нысандар пайдалануға беріліп, тұрғындардың игілігіне ұсынылды.

## БАР ЖАҚСЫЛЫҚ – БАЛАЛАРҒА

Соның ішінде «Талас» және «Қарасу» шағынаудандарында, сондай-ақ Қазыбек би көшесі, №116, Төле би көшесі, №56, 58, 71 және №116, Желтоқсан көшесі, №80 «А» мен «Мыңбұлақ» шағынауданы, №57 мекенжайларында орналасқан ойын алаңшаларының құрылысы толық аяқталды. Заманауи үлгіде жабдықталған алаңдар балалардың қауіпсіз әрі мазмұнды демалуына мүмкіндік береді.

«ЖТ»-ақпарат



ЖЫЛЫ ЖҮЗДЕСУ

## ҚАЛА ӘКІМІ ӨЗІНЕ ХАТ ЖАЗҒАН ОҚУШЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков өзіне әлеуметтік желіде хат жазған №40 мектеп-гимназиясының оқушысы Самвел Мусалейян, анасы Мария Катанди және сынып жетекшісі Дана Салмовамен арнайы кездесті.

Жүздесу барысында қала әкімі жасөспірімдердің спортпен шұғылданып, серуен құруы үшін қолға алынған жобаларды таныстырып, мамандық таңдау, шаһарды көркейту бойынша ойларын ортаға салды.

Сондай-ақ Самвелге қала әкімінің Алғыс хатын табыстап, Абай Құнанбайұлының үш тілге аударылған шығармалар жинағын сыйға тартты.

Самвел де өз кезегінде шаһар басшысына ризашылығын жеткізіп, алғысын білдірді.

Еске сала кетсек, осыдан бірер күн бұрын шаһарымыздың 12 жасар тұрғыны қала әкіміне әлеуметтік желі арқылы хат жазған болатын. Ол өз хатында қалада велосолдың және скейт алаңның жоқтығын айтып, өтінішін білдірген еді.

Құрбанәлі ШАХАБАЙ



ЖАЛҒАСЫ. БАСЫ 1-БЕТТЕ

## КӨНЕ ШАҺАРДА ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ

*Таразда 3 жаңа шағынаудан бой көтеруде*



Бұған қоса «Қарасай» (17) шағынауданының да жоспарлау жобасы әзірленген. Бұл жерде де көпқабатты тұрғын үйлермен қатар түрлі әлеуметтік, коммерциялық нысан халыққа қызмет көрсетеді.

Бұдан кейін БАҚ өкілдері шаһар аумағындағы жол жөндеу жұмыстарын көрді. Қалада қазір жолдарды жөндеу бойынша жарқын жобалар жүзеге асырылып жатыр. Әсіресе, шаһар маңындағы алқаптарға ерекше екпін түсірілуде.

Солардың бірі – «Барысхан». Жоспарлы жұмыстар нәтижесінде қазір бұл алқаптағы жалпы ұзындығы 16,21 шақырымды құрайтын 24 көшеге асфальт төселді. Сондай-ақ көшелерді жарықтандыру жұмыстары да толығымен аяқталды.

– Қаланы дамытудың үш жылдық жоспарында жолдарды жөндеуге баса назар аударылған. Расында, шаһардың сәулеті мен ажарын айшықтап тұратын басты көрінісі жолдың жайы екені жасырын емес. Шаһардың сән-салтанатынан бөлек, қатынастың қолайлылығы мен тұрғындардың қауіпсіздігі, көлік қозғалысының дйттеген бағытына уақытында жетуі де жол сапасына байланысты. Кейінгі 3 жылда Тараз қаласында 420 көшеге асфальт төселді. Бұл да кейінгі жылдары атқарылған ауқымды жұмыстардың бірі.

Біз ең әуелі соңғы 30 жылдан бері

мүлде жөндеу көрмеген қала маңындағы алқаптарға баса мән беріп отырмыз. Қазіргі таңда әр алқапта кем дегенде 1 мыңға жуық халық тұрады. Сондықтан олар да инфрақұрылым игілігін толықтай сезінуге тиіс. Осыған орай әуелі әр алқаптың өзекті мәселелерін зерделеп, сол бойынша Жол картасын әзірледік. Жүйелі жұмыстың нәтижесінде барлық мәселе кезең-кезеңімен өз шешімін тауып келеді. Енді биыл алқаптарды көгалдандыру жұмыстарын қолға алуды көздеп отырмыз, – деген Бақытжан Әмірбекұлы бұл бағыттағы ілкімді істер тоқтаусыз жалғаса беретінін жеткізді.

Сонымен қатар бүгінде «Тектұрмас» алқабындағы жалпы ұзындығы 3,689 шақырым болатын 3 көше орташа жөндеуден өткен. Бұл іске тұрғындар да дән риза.



– «Тектұрмас» алқабының облыс орталығына қосылғанына ширек ғасырға жуық уақыт өтсе де, жергілікті билік назарынан үнемі тыс қалып келді. Әсіресе, жолдарды жөндеу ұзақ жылдар бойы өз шешімін таппады. Салдарынан тұрғындардың қалаға кедергісіз қатынауы мұңға айналғаны жасырын емес. Жауын-шашын кезінде жолдар батпаққа айналып, жедел жәрдем, өрт сөндірушілер мен такси жүргізушілерінің алқапқа кіруі елеуір қиындық туғызатын. Дегенмен, соңғы 2 жылдың бедерінде бұл мәселе өз шешімін тауып, өткен шаққа айналды. Тек жол ғана емес, көшелерді жарықтандыру, алқапқа қатынайтын автобустардың бағытын ұзарту, аялдамаларды жаңарту бойынша да жүйелі жұмыстар жүзеге асырылып жатыр. Бұл үшін қала әкімдігіне шексіз ризашылығымыз білдіремін, – дейді алқап тұрғыны Тамара Иванова.

Бұдан бөлек, «Қарасай» алқабында да құрылыс-монтаж жұмыстары толығымен аяқталып, 13 шақырымға созылып жатқан 11 көшеге асфальт төселген.

Келесі кезекте БАҚ өкілдері А.Асқаров көшесіндегі құрылысы аяқталған автомобиль көпіріне аялдады. Аталған көше мен «Ұлы дала» (15) шағынауданын жалғайтын көпірдің ұзындығы – 61, ені 9 метрді құрайды. Ағымдағы жылдың сәуір айында басталған көпір құрылысы бүгінде толығымен тамамдалып, ел игілігіне беріліп отыр. Құрылыс мердігері – «ЖБИ-С» мекемесі.

ДЕНСАУЛЫҚ

## ЖАМБЫЛДЫҚТАР ТЕГІН СКРИНИНГТІК ТЕКСЕРУДЕН ӨТЕДІ

Ауруды ерте кезеңде анықтау – оның дамуына жол бермейді. Соның ішінде онкологиялық ісіктерді ерте анықтау арқылы адам өмірін сақтап қалуға да болады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жамбыл облысы бойынша филиалы скринингтердің қалай жүргізілетінін және олардан кім өтуі керектігін айтты.



**Скрининг арқылы қандай ауруларды анықтауға болады?**

– Жатыр мойны обырын ерте анықтау – 30-70 жас аралығындағы әйелдер;  
– Сүт безі обырын ерте анықтау – 40-70 жас аралығындағы әйелдер;  
– Колоректальді обырды ерте анықтау – 50-70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер;

**Скринингтік бағдарламаға қандай мәліметтер кіреді?**

Әйелдер сүт безі обырына тіркелген емхана арқылы тексеріледі. Акушер-гинеколог, онколог пен маммолог сынды мамандар кеңесіне жүгініп, УДЗ, маммография сынды тексерулерден өте

алады.

Сонымен қатар жатыр мойны обырының алдын алу үшін видеокольпоскопия немесе кольпоскопия, ПАП-тест, пункциялық биопсия мен гистологиялық зерттеулерге тапсыруға болады.

Колоректалды обырдың алдын алуға арналған тексерулерден ерлер де, әйелдер де өтуі тиіс. Профилактикалық іс-шаралар барысында олар хирург, онколог, гастроэнтеролог пен проктолог мамандардан кеңес алады. Сондай-ақ үлкен дәреттегі жасырын қанды тексеру мақсатында шұғыл әдіспен гемогульт-тест тапсырады, жалпы

видеоколоноскопия, эндоскопиялық биопсия және гистологиялық тексерулерден өтуге болады.

Жамбыл облысы бойынша 2025 жылғы онкологиялық дертерді ерте анықтауға арналған тексерулерге 1 млрд 64 млн 182 мың теңге бөлінген. Бұл шараға 177 мыңнан аса жамбылдықты тарту көзделген.

Айта кетсек, Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес, онкоскринингтер барлық азаматтар үшін тегін жүргізіледі. Яғни, сақтандырылған немесе сақтандырылмағанына қарамастан, бұл медициналық қызмет түрі тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі (ТМККК) тізіміне енгізілген.

– Онкологиялық ауруларды ерте кезеңде анықтау – наукастардың өмірін сақтап қалудың ең тиімді жолы. Сондықтан жамбылдықтарды өз денсаулығына бейжай қарамай, уақытылы скринингтік тексеруден өтуге шақырамын. Бұл тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның денсаулығы үшін маңызды қадам, – деді әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Жамбыл облысы бойынша филиал директоры Ғайни Аймағанбетова.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жамбыл облысы бойынша филиалы**

САЛА ТЫНЫСЫ

Адам өмірін сақтап қалу – кез келген мамандықтың емес, жүрегінде батырлық пен жауапкершілік ұялаған жандардың еншісіндегі ұлы міндет. Сол ерлік пен мейірімнің тоғысқан тұсы – төтенше жағдайлар қызметі.

## ҚАУІПСІЗДІК – ӘРКІМНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Құтқарушы болу – қиындық пен қауіптің қақ ортасында жүріп, өзгенің өмірі үшін күресу. Бұл жолды таңдағандар үшін марапат пен мадақ маңызды емес, олардың ең үлкен сыйы – аман қалған жан, қайта соққан жүрек, көзіндегі қорқыныш жасы қуанышқа айналған сәт. «112» нөмірін терген әрбір адам сол сәтте үмітін құтқарушыға артатыны анық. Ал сол сенімді ақтау үшін темірдей төзім, сергек ой, берік жүрек қажет. Олар – үрей мен сабырдың, қорқыныш пен батылдықтың арасындағы теңдікті сақтай білетін ерекше адамдар.

қаласының №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінде құтқарушылар арасында отбасылық спорттық сайыс та өтті. Оған қаладағы бес бөлімнен төрт отбасы командасы қатысып, үздіктер мен белсенді қатысушылар бағалы сыйлықтармен және естелік марапаттармен марапатталды.

Бұдан бөлек, Тараз қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау капитаны Ерболат Анарбек пен инженер, азаматтық қорғау аға лейтенанты Мадияр Жапар Тараз мамандандырылған колледжінің



Бүгінде Тараз қаласындағы төтенше жағдайлар қызметі – осы қағиданың жарқын көрінісі. Олар тек апат кезінде көмек көрсетіп қана қоймай, қоғамда қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға да айрықша үлес қосып келеді. Өрт қауіпсіздігі бойынша дәрістер өткізіп, балаларға алғашқы көмек көрсетуі үйретеді, табиғи апаттарға дайын болудың маңызын насихаттайды.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің құрылғанына 30 жыл толуына орай елімізде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен азаматтық қорғау органдарының қызметін кеңінен насихаттауға бағытталған республикалық ақпараттық-насихаттау науқаны өтіп жатыр. Осы шара аясында Тараз қаласында өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін арнайы баспасөз туры ұйымдастырылды.

«Халыққаһарманы» Мейірман Айманов атындағы №2 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің базасында өткен іс-шара барысында журналистерге заманауи өрт сөндіру және құтқару техникасы, сондай-ақ жеке құрамның өртті сөндіру кезіндегі іс-қимылдары көрсетілді. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері Жамбыл облысы Төтенше жағдайлар департаментінің тарих мұражайында болып, азаматтық қорғау жүйесінің қалыптасу тарихымен және сирек кездесетін мұрағаттық материалдармен танысты.

Сондай-ақ осы бөлімде Тараз мамандандырылған колледжі студенттеріне арналған фото-көрме ұйымдастырылды. Құтқарушылар студенттерге экскурсия өткізіп, өздерінің қызметтік міндеттері мен күнделікті еңбегі жайында кеңінен әңгімеледі. Іс-шара барысында төтенше жағдайларды жою кезінде қолданылатын арнайы техника мен жабдықтардың мүмкіндіктері таныстырылды.

Мерейлі жыл аясында Тараз

МАРАПАТ

Төтенше жағдайлар кезінде ең алдымен сыналатыны – адамның батылдығы мен азаматтық жауапкершілігі. Осындай сын сағатта ерлік пен ерен өнегенің жарқын үлгісін көрсеткен тараздық жастар – Әлісұлтан Байрахтаров пен Ислам Мұрадов ел алғысына бөленді.

## ЕРЛІК ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Оқиға 2025 жылдың 6 қыркүйегінде Тараз қаласындағы Жамбыл даңғылы бойындағы көпқабатты тұрғын үйде болған еді. Түнгі мезгілде кенеттен тұтанған өрт тұрғындардың өміріне үлкен қауіп төндірді. Дәл сол сәтте бірінші болып жағдайды байқаған Әлісұлтан мен оның досы Ислам еш ойланбастан әрекетке көшті.

Бірі «112» нөміріне қоңырау шалып, төтенше жағдай туралы хабар берсе, екіншісі кіреберістерді аралап, тұрғындарды сыртқа шығуға шақырды. Олар үрейге бой алдырмай, есік қағып, адамдарды эвакуациялауға көмектесті. Сол сәттегі батыл қимыл мен сабырлықтың арқасында көптеген адам дер кезінде қауіпсіз жерге шығарылды.

Осындай ерен ерлігі үшін қос азамат Төтенше жағдайлар министрі, генерал-майор Шыңғыс Әріновтің бұйрығымен «Өртте көрсеткен қайсарлығы үшін» медалімен марапатталды. Бұл марапат – олардың батылдығы мен ел алдындағы азаматтық борышына деген адалдығының айғағы.

Сонымен бірге Әлісұлтан Байрахтаров

студенттерімен кездесіп, өрт және түрлі сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу жолдарын жан-жақты түсіндірді.

Мамандар «Жылыту маусымындағы өрт қауіпсіздігі», «Пеш және электр құралдарын қолдану кезіндегі қауіпсіздік шаралары», «Балалардың терезеден қалауына жол бермеу», «Жер сілкінісі кезінде атқарылатын іс-қимылдар», «Су айдындары маңындағы қауіпсіздік» және «Демалыс орындарындағы қауіпсіздік ережелері» сынды өзекті тақырыптарды қамтыды. Сондай-ақ студенттерге бастапқы өрт сөндіргіш құралдарын қолдану тәсілі тәжірибе жүзінде көрсетілді.

Құтқарушылар жастарды Көкшетау қаласындағы ҚР ТЖМ Мәлік Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясымен таныстырып, білім алу шарттары мен шетелдегі оқу мүмкіндіктері жөнінде де ақпарат берді.

Осындай мазмұнды шаралардың бірі М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінде де ұйымдастырылды. Кездесудің басты мақсаты – жастардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және төтенше жағдай кезінде дұрыс әрекет ету дағдыларын үйрету болды. Семинар барысында мамандар түрлі төтенше жағдай түрлері мен олардың алдын алу жолдарын түсіндіріп, студенттердің сұрақтарына жауап берді.

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен адам өмірін қорғау бағытында жүйелі түрде өткізіліп жүрген мұндай іс-шаралардың маңызы зор. Өйткені қауіпсіздік мәдениеті – ең алдымен әр адамның саналы жауапкершілігі мен ұқыптылығынан басталады. Осы ұстанымды берік ұстанған құтқарушылар өздерінің табанды еңбегімен қоғам тыныштығы мен халық аمانдығын қамтамасыз етіп келеді.

**Карина КАРТАШОВА,**  
облыстық ТЖД ресми өкілі  
азаматтық қорғау аға лейтенанты

Жұмаш ЖОЛБОЛДЫ

ДІН-ДІНГЕК

# ИСЛАМ ДІНІН ТАРАТҚАН САХАБАЛАР

Адамзаттың асыл тәжі болған ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) заманында сахабалардың өмір сүрген ғасыры Ислам тарихында алтын ғасыр деп аталған. Себебі олар жеке басының күйбең тіршілігі үшін емес, дінді кеңінен тарату, насихаттау жолында, мұсылман үмбетінің болашағы үшін бар ғұмырын арнады.



Шариғатты жұртқа ұғындырып, игі ұстанымдарын жасампаз дәстүрге айналдырды. Осылайша сахабалар тарихта өлшеусіз, өшпес із қалдырды. Бұл мақалада біз Ислам дінін жайған сахабаларды өмір сүру дәуіріне қарай екі кезеңге бөліп қарастырамыз. Әуелгісі – пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) кезінде ғұмыр кешкендер, екінші кезеңде – Алла елшісі дүниеден өткеннен кейін дін жолында еңбек еткен сахабалар.

«Сахаба» сөзі – араб тілінде «ас-сахабату», яғни «серік», «жолдас», «дос болу», «сұхбаттасу» сынды ғұымдардың көпше түрінен туындаған есім сөз. Терминдік жағынан алғанда Алла елшісін (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көру, онымен жүздесу немесе сұхбаттасу деген мағынаны білдіреді. Қысқаша айтқанда, Пайғамбармен сұхбаттасқан, яки оны өмірде көріп, амалдарына қарап иман келтірген әрбір мұсылман оның сахабасы саналады. Ал кейбір хадис ғалымдарының көзқарасы бойынша, Пайғамбарды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көріп, одан бір хадис немесе бір сөз жеткізген адам ғана сахаба атанады.

Дегенмен көпшілік ғалымдардың көзқарасы бойынша, сахаба болу үшін балиғатқа толу шарт емес. Бірақ кішкентай сәбилер Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көрсе де, сахаба болып есептелмейді. Яхия ибн Осман ибн Салих әл-Мысридің жеткізінше, Пайғамбарымыздың дәуірінде өмір сүрген әрбір мұсылман оны көрмесе де, сахаба саналады.

Сонымен қатар Ислам тарихындағы мұһәжірлер де, ансарлар да сахабалар қатарына жатады. Мұһәжір дегеніміз – Мекке қаласынан қоныс аударғандар, ал ансарлар «мөдиналық жәрдем беруші» деген мағынаны білдіреді. Яғни мұһәжірлер – Меккеден Мәдинаға көшіп келген сахабалар. Олар өз тұған өңірінде әділетсіздікке және нағандықтан туған соқыр сенімге бойұсынбағаны үшін адам төзгісіз азап көрді. Жүрегіндегі иманын сақтап қалу үшін Мәдинаға қоныс аударуға мәжбүр болған оларға ансарлар қонақжайлық танытып, бас сауғалап келген мұсылмандарға баспанасын, ас-суын бөлісті. Демек ансарлар – Алла елшісіне (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қолдау көрсеткен ізгі жандар, ардақты Пайғамбарымызды (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сағынып, күтіп алған кеңпейіл жұрт. Тіпті олар Ясриб қаласының атауын «Мәдинату Расулалла» (Пайғамбар қаласы) деп өзгертті.

Құранда Алла Тағаланың сахабаларға разы болғаны жайлы мынадай аят бар: «Мұһәжір, ансарлардан алғашқы иман келтіргендер және жақсылықта соларға ергендерге Алла разы, олар да Аллаға разы болды. Алла олар үшін ішінде мәңгі тұрақтайтын, астынан өзендер ағатын жәннат дайындады. Міне, нағыз үлкен бақыт, үлкен жетістік – осы» («Тәубе» сүресі, 100-аят).

Сахабалар арасында қара қылды қақ жарған әділ, сөйлесе сөздің майын тамызатын шешен, ділмәр кісілер де болған. Дегенмен олар асыл сөздің

зергері, ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сөйлегенде, оны зейін қойып тыңдап, сілтідей тынатын. «Оның құзырында басымызға құс қонғандай аса сақтық танытып, әрбір сөзіне мұқият ден қоятынбыз», – дейтін (Бұхари, Әбу Дәуіт).

Әбу Бәкір Сыддық, Омар ибн Хаттаб, Әбу Зәрр әл-Ғифари (оларға Алла разы болсын) сынды сахабалардың мәртебесі тақуалығымен биік еді. Әрине барлық сахабалар өте тақуа, аса ғибадатшыл болды. Мәселен, Әбу Һұрайра (оған Алла разы болсын) түннің толық бөлігін құлшылық етумен өткізетін. Түннің алғашқы бөлігінде – өзі, түн ортасында – әйелі, таңға жуық қызы үздіксіз ғибадат жасайтын. Әрдайым бір-бірін оятып, Аллаға деген мінәжатын тоқтатпайтын.

Жомарттығынан танбаған Әбу Бәкір (оған Алла разы болсын) бірде мұсылмандарға қаржылай көмек беру үшін бар дүниесін Пайғамбарымызға алып келеді. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Уа, Әбу Бәкір! Бала-шағаңа не қалдырдың?» – деп сұрағанда, жомарт Сыддық: «Бала-шағама Алланы қалдырдым», – деп, Жаратушы пенденің несібесіз қалдырмайтынына сенімі кәміл екенін көрсетеді.

Сонымен бірге сахабалар «Жәннатпен сүйіншіленген ондық», «Құран аяттарын жазушылар мен сақтаушылар», «Бәдір шайқасына қатысушылар», «Ухуд шайқасына қатысушылар», «Фақишшылар» деген сынды деңгейлерге де бөлінді. Сахабалардың әрқайсысы қабілет-қарымына қарай діннің өркендеуіне өз үлесін қосты. Мәселен хадис риуаят етуде Әбу Һұрайраның, Әнастың, Абдулла ибн Масғудтың, Абдулла ибн Аббастың, Абдулла ибн Омардың есімдері көбірек аталса, ал ел басқаруда Әбу Бәкір, Омар, Осман және Әли сынды сахабалардың аты тарихта қалды. Батырлық, қолбасшылыққа келгенде, Халид ибн Уалид, Әбу Убайдулла ибн Жаррах, Әли ибн Әбу Тәлібтер ешкімге де бермеген.

Әбу Һұрайра (оған Алла разы болсын) риуаят еткен хадисте: «Менің сахабаларыма тіл тигізбедер! Менің сахабаларыма тіл тигізбедер! Менің жаным оның билігінде болған Алламен ант етемін! Сендердің біреуің Ухуд тауындай алтын жұмсақа (садақа етсе) да, олардың істеген қызметіне жетпейді, тіпті жартысына да», – деп айтқан.

Хазіреті Пайғамбар (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) дәуірінде мұсылмандар күнделікті тіршілік пен құлшылық және әлеуметтік мәселелер жайлы сауалдарын тікелей Пайғамбардан сұрайтын. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қайтыс болғаннан кейін Ислам дінін тарату үшін көрші мемлекеттерге ұстаз ретінде қаншама сахаба жіберілді. Олар ақиқат дінді үйретумен қатар, жергілікті тұрғындар қойған сұрақтарға әуелі Алланың кітабы Құраннан, болмаса хазіреті Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінен жауап беретін. Ал одан таба алмаса, өздері ижтиһад (ақыл ойға сүйеніп, шариғат шеңберінде үкім беру) жасап, пәтуа беріп, мәселені шешіп отырды. Сахабалар бұлай

етуде мына хадиске сүйенді: «Бірде хазіреті Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Муаз ибн Жәбәл есімді сахабасын Йемен еліне әкім етіп жібермек болады да, одан: «Бір мәселе шықса қалай үкім бересің?» – деп сұрайды. Муаз: «Әуелі Алланың кітабымен», – деп жауап береді. Хазіреті Пайғамбар: «Егер мәселені одан таба алмасаң ше?» – дейді. Ол: «Алла елшісінің сүннетінен іздеймін», – дейді. Хазіреті Пайғамбар тағы да: «Одан да таппасаң ше?» – деп сұрайды. Муаз бұл жолы: «Ондай жағдайда өз ойымнан пәтуа беремін», – деп жауап береді (Термизи).

Хадис шәріптерді риуаят етуде әйел сахабалардың да, табиғиндердің де қосқан үлесі аз болған жоқ. Айталық Ахмет ибн Ханбәл «Мүснәд» атты еңбегінде алғашқы кезеңде Алла елшісінен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тікелей хадис жеткізген ұзын саны 122 әйел болғанын жазған. Ал табиғин кезеңінде хадис риуаят еткен 95 әйелдің аты аталған. Әлемнің әр пушпағында, қала берді біздің даламызда да сахабалардың ілкімді ізі сайрап жатыр. Бұлай дейтініміз, қасиетті Мекке, Мәдина қалаларында жерленген сахабалар санаулы. «Ал қалғаны қайда?» деген заңды сұрақ туындауы мүмкін. Олар Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) аманатын орындау үшін дүниені аралап, жahanды шарлап, асыл дінімізді таратты. Саңлақ тұлғаларымыздың қазақ даласына да еңбегі сіңді. Жанқияр рухты есіл ерлер, айбөз сахабалар, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамзатқа ұсынған игі дәстүрін, тура жолын жүзеге асыру өлден мүмкін екенін іс жүзінде дәлелдеп, үлгі-өнеге көрсете білді.

Соның бір көрінісі ретінде қазақ халқының да Ислам дінімен таныс болғанына мың екі жүз елу жылдан астам уақыт өтті. Содан бері салт-санасы, әдет-ғұрпы, әдебиеті мен мәдениеті мұсылмандыққа бейімделіп, Ислам діні халық ділімен біте қайнасып, ұлттық болмыстың ажырамас бөлігіне айналды. Ислам шариғаты дұрыс ұғымдарды, ізгілік құндылықтарын бекітіп, адасушылықты тоқтату үшін келді. Сондықтан мұсылман халықтарының дәстүрін елестейтін басты безбен шариғат болып саналады. Халық ұстанған дұрыс әдет-ғұрыптар Ислам заңнамасындағы құқықтық нормалардың бастауларының біріне айналды.

Қазақ халқы бір Алладан басқа тәңір жоқ екенін мойындап қана қоймай, Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбардың үмметіне лайық кемел мұсылман болуға ұмтылды. Орта ғасырларда қазақ даласынан Ислам әлеміне ғана емес, күллі ғаламға аты мошһүр мұсылман ғалымдардың шыққаны – жоғарыдағы сөзімізге дәлел. Ислам қазақ жеріндегі ортағасырлық қалалар мен қорғандардың, қамалдар мен кенттердің іргетасын нығайтып қана қоймай, өзге де шаһарлардың негізі қалануына ықпал етті. Исламды уағыздайтын мешіттер мен медреселер, ғылым-білім ошақтары бой көтерді. Мысал ретінде Отырардың шығысындағы Сайрам, Манкент, Тараз, Түймекент, Құлан, Меркі, Баласағұн, Шу қалаларының және Сыр бойындағы Сүткент, Яссы (Түркістан), Қарнақ, Сауран, Иқан, Қауған, Өзкент т.б шаһарлардың жанданғанын атап өтуге болады. Сонымен қатар сайын даламызда көптеген көне жәдігердің табылуы, Орталық Азияда бірнеше ғасыр бойы ғылым мен білімнің тілі араб тілі болуы саңлақ сахабалардың ізі екені анық.

Қорыта айтқанда, сахабалар – Алла Тағалаға пайғамбарлардан кейінгі ең жақын адамдар. Өйткені оларды ең соңғы хақ Пайғамбардың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өзі тәрбиеледі. Алла елшісі сахабалардың жүрегі мен рухын кірден тазартты. Жаратушы Иеміз олардың баршасына разы болсын!

Кенжетай ДҮЙСЕНБАЙ,  
дінтанушы

## «ТАРАЗ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМУЫТ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ БАСШЫСЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ІV-ШІ ТОҚСАНДА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| № | Мемлекеттік мекеменің атауы                                                                      | Азаматтарды қабылдауы жүргізілетін тұлғаның аты-жөні | Азаматтарды қабылдауы жүргізілетін тұлғаның лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты                   | Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------|------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|---------------------------------------|-------------------|
| 1 | «Тараз қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Тоқсанбаева Бақыт Тілегенқызы                        | Бөлім басшысы                                        | Сәрсенбі: Сағат 16:00-18:00<br>Жұма: Сағат 16:00-18:00 | Тараз қаласы, Сабыр Рахимов к/сі, №55 | 34-69-01          |

## ГРАФИК ПРИЕМА ГРАЖДАН ПО ЛИЧНЫМ ВОПРОСАМ РУКОВОДИТЕЛЯ КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ КУЛЬТУРЫ И РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ АКИМАТА ГОРОДА ТАРАЗ» НА IV КВАРТАЛ 2025 ГОДА

| № | Наименование государственного органа                        | ФИО лица, проводящего прием граждан | Должность лица, проводящего прием граждан | Дата и время приема                            | Местонахождение государственного органа | Контактный телефон |
|---|-------------------------------------------------------------|-------------------------------------|-------------------------------------------|------------------------------------------------|-----------------------------------------|--------------------|
| 1 | КГУ «Отдел культуры и развития языков акимата города Тараз» | Туксанбаева Бахыт Тилегеновна       | Руководитель отдела                       | Среда: 16:00 - 18:00<br>Пятница: 16:00 – 18:00 | г.Тараз, ул.Сабыра Рахимова, №55        | 34-69-01           |

КЕЗДЕСУ

Еңбек адамның арманын орындап, қоғамның дамуына оң ықпал етеді. Еңбекпен табылған ақша да адамға тәуелсіздік береді. Тәуелсіздікті сақтап қалып, дамыған елдер қатарында болу үшін мемлекеттің экономикасы қуатты, қорғаныс қабілеті мығым, халқы сауатты және еңбекқор болуы шарт.

# СТУДЕНТТЕРДІ ЕҢБЕКҚОР БОЛУҒА ШАҚЫРДЫ



Еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру, еңбек ете білу дағдыларын дамыту мақсатында М.Әуезов атындағы кітапханада еңбек күніне орай «Қажырлы еңбекпен биікке жету» атты әдеби қонақжай өткізілді. Кеш қонақтары зейнет демалысындағы еңбек ардагерлері, Тараз қаласына еңбегі сіңген, қаланың Құрметті азаматтары – Адамбай Абдразақов пен Күләш Назарбекова Тараз гуманитарлық-техникалық колледжінің 2-курс студенттеріне «Еңбектің адамның өмірінде қандай маңыз бар?» деген сұрақ аясында өз ойларымен бөлісіп, жастарды еңбекті сүйуге, ел игілігі үшін

қызмет етіп, салауатты өмір салтын ұстанып, биіктерге ұмтылуға шақырды. Жиын барысында сондай-ақ еңбек тақырыбы аясында мақалдар айтылып, мағынасы талқыланды. Еңбек ардагерлерінің құрметіне әннен шашу шашылды. Кітапхана қызметкерлері «Еңбек түбі – береке» атты кітап көрмесін ұйымдастырып, К.Саржановтың «Толқынмен алысқан, балықшылар – арыстан», «Аралдың айтылмаған ақиқаты» атты кітаптарына библиографиялық шолу жасады.

Нүргүл МАЛИКОВА,  
кітапханашы

### ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 жылғы 24 қарашада, сағат 10:00-де келесі мекенжайда: Жамбыл облысы, Шу ауданы, Шоқпар ауылдық округі, Шоқпар ауылы, Балуан Шолақ көшесі, №1 үйде, «Zhambyl Minerals» (Жамбыл Минералз) кәсіпорнының «Аққудук» кен орны бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін дайындалған жоба материалдарына қатысты қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде өткізіледі.

Әсер ету аумағы – Жамбыл облысы, Шу ауданы, Шоқпар ауылдық округі. Әсер етілетін географиялық координаттар: 43°44'36"СЕ, 74°17'53"ШБ.

Қатысушыларды тіркеу жеке басты куәландыратын құжатты көрсету арқылы жүргізіледі.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу шаралары (соның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар) енгізілген жағдайда тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Онлайн қатысу үшін Qosyl платформасындағы бейнеконференция сілтемесі: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=942021189727> Конференция идентификаторы: 942-021-189-727 Жобаның бастамашысы: «Zhambyl Minerals» ЖШС, БСН: 190840024392, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төле би ауылдық округі, Төле би ауылы, Төле би көшесі, 264, тел: +77765136313, metal-giant@mail.ru.

Жобаны әзірлеуші: «Тилеубаев А.Б.» ЖК, ЖСН 821220300783, Тараз қ., Қулибин көшесі, 52 үй, 87059029170, adilet5@yandex.ru.

Жергілікті атқарушы орган – «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, s.agabek@zhambyl.gov.kz, Тараз қаласы, Абая көшесі, 133А.

Жоба бойынша құжаттамалар Қоршаған ортаның жағдайы және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкі – <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> сайтында және жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat> сайтында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық мекенжайлар бойынша қабылданады.

А

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

24.11.2025 года, в 10:00 часов, по адресу: Жамбылская область, Шуский район, Шокпарский сельский округ, село Шокпар, ул. Балуан Шолақ, дом №1 состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проектным материалам для получения экологического разрешения на воздействие по месторождению Аккудук ТОО «Zhambyl Minerals» (Жамбыл Минералз).

Территория воздействия – Жамбылская область, Шуский район, Шокпарский сельский округ. Географические координаты воздействия: 43°44'36"СШ, 74°17'53"ВД.

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий (в том числе карантина, ЧС социального, природного или техногенного характера), слушания будут проведены в онлайн-формате.

Ссылка для онлайн-участия (видеоконференцсвязь на платформе Qosyl): <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=942021189727>

Идентификатор конференции: 942-021-189-727

Инициатор проекта: ТОО "Zhambyl Minerals" (Жамбыл Минералз), БИН 190840024392, Жамбылская область, Шуский район, Толесбийский с.о., село Толе би, ул. Толе би, 264, тел: +77765136313, metal-giant@mail.ru.

Разработчик проекта – Разработчик: ИП «Тилеубаев А.Б.», ИИН: 821220300783, РК, г. Тараз, ул. Кулибина, д. 52; тел. 87059029170; adilet5@yandex.ru.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области», s.agabek@zhambyl.gov.kz, город Тараз, улица Абая 133А.

Документация по проекту размещена на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> и на сайте местного исполнительного органа <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat>.

Замечания и предложения принимаются по электронным адресам: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, s.agabek@zhambyl.gov.kz.

А

## ОТА ЖАСАУ ТЕГІН КАТАРАКТА, ГЛАУКОМА ОПЕРАЦИИ БЕСПЛАТНО

**+7 700 540 5453    +7 776 654 0540**  
**№1501940 Мемллицензия ЖО ДСБ 02.11.2015 ж.**  
**Гос.лицензия №15019408 от 02.11.2015 г.,УЗ ЖО АЖО**

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ



Жұмысшы мамандықтары жылы аясында көптеген жоба жүзеге асырылып жатыр. Дегенмен жұмысшы мамандық иелеріне, еңбек адамдарына құрмет науқандық шараның шеңберінде қалмауы керек. Ел экономикасының қозғаушы күші саналатын жұмысшы мамандар, еңбек адамдары өз деңгейінде дәріптеле беруге тиіс. Қазақстанның Еңбек Ері, Мәжіліс депутаты Мұқаш ЕСКЕНДІРОВпен сұхбатымыз осы бағытта өрбіді.

– Мұқаш Зұлқарнайұлы, Жамбыл облысындағы іргелі ұжымды ұзақ жыл басқардыңыз. Жұмысшы мамандық иелерінің жай-күйін жақсы білесіз. Қоғамда еңбек адамдарын қаншалықты насихаттай алып жүрміз?

– Университетті бітірген соң, жолдамамен жұмысқа орналасып, «Қазфосфат» компаниясында табан аудармай 41 жыл еңбек еттім. Оның ішінде 17 жыл 6 мыңнан астам жұмысшы еңбек ететін ұжымға басшы болдым. Қайнаған өндіріс ортасында шыңдалғандықтан, жұмысшы мамандық иелерінің қандай ауыр жұмысты атқаратынын жақсы білемін. Сондықтан да алдымен әлеуметтік мәселелерді оңтайлы шешуге тырыстық. Еңбекақыларын көбейтуге, олардың қоғамдағы беделін күшейтуге барымызды салдық. Кәсіби мерекеле, мемлекеттік мейрамдарда негізінен жұмысшы мамандық иелерін марапаттауға басымдық бердік. Бұл үрдіс кәсіпорында әлі де жалғасып келе жатыр.

Елімізде халық саны 20 миллионнан асады, оның ішінде 9 миллионнан аса азамат жұмыс істеуге қабілетті, әр салада еңбек етіп жүр. Азаматтардың 2 миллионнан астамы – өзін-өзі жұмыспен қамтушылар. Олардың ішінде ірі бизнес өкілдерінен бастап, шағын кәсіпкерлер де бар. Елімізде сауда саласында шаруасын дөңгелеткенді күп көретін азаматтардың шоғыры қалың – 16 пайыз. Балабақшадан бастап жоғары оқу орнына дейінгі білім саласында еңбек ететін азаматтардың

# «ҚҰРЫШ ҚОЛДЫ ЖҰМЫСШЫ ҚАШАНДА ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ»

үлесі – 12 пайыз, өндірісте еңбек етушілер де 12 пайызды құрайды.

Жұмысшы мамандық иелері ұғымының ауқымы кең екенін ерекше айтып өткен жөн. Жұмысшы мамандықтар дегенде көбіне өндіріс саласына қатысты мамандарды ғана ескереміз. Ауыл шаруашылығы, құрылыс, өңдеу саласында еңбек етіп жүргендер де көп. Бұлардың барлығы да – жұмысшы мамандық иелері.

– Өңірлерді аралап, өндіріс орындарына да жиі барасыз. Қай салада маман тапшылығы байқалады?

– Кадр тапшылығы әр салада бар. Жұмысшы мамандар, білікті кадрлар қашанда сұранысқа ие. Өңірлердегі өндірістерді, шаруашылықтарды, кәсіпорындарды аралағанда байқаймыз, жұмысшы мамандарға деген сұраныс жоғары, кадр мәселесі өте өзекті. Айталық, ауыл шаруашылығы құрылымдарының жетекшілері үнемі білікті мамандарға зәру екенін алға тартады. Ертеректе механизаторлардың, жүргізушілердің арнайы оқу курстарында біліктілігін шыңдап отыратын жақсы дәстүр болатын. Бүгінде ауыл шаруашылығына шетелден озық техникалар көптеп келіп жатыр. Оның тілін білетін талапты жас мамандар тапшы. Мұндай мәселе өзге салаларда да бар. Өйткені кейбір мамандық түрлеріне мамандар өте қат, тіпті табу қиын. Білікті мамандардың еңбегіне ауыл шаруашылығы саласында жоғары жалақы төленеді. Тіпті ай сайын 1 млн теңгеге дейін табыс табатын жұмыскерлер бар. Бүгінде ауыл шаруашылығы ұжымдарының басшылары жұмысшылардың біліктілігін арттырып, кадр мәселесін өздері шешуге талпынып, тырысып жатыр.

– Жұмысшы мамандықтарға жастарды қызықтыру ісі кенжелеп тұрған жоқ па?

– Жұмысшы мамандықтарға жастарды тартып, қызықтыра білудің маңызы жоғары. Мектептің жоғары сынып оқушыларымен келешекте кім боламын деген мәселе төңірегінде кездесулер өткізіп, жұмысшы мамандық иелерімен сұхбаттасып, өндіріс орындарына саяхат ұйымдастыру сынды жұмыс қарқынды жүргізуге тиіс. Кәсіптік бағдар беру ісін күшейту де маңызды. Мұндай іс-шаралар жер-жерде жүзеге асырылып та жатыр. Әрі қарай жалғастыра беру қажет. Мектепте оқушылардың қабілет-қарымына, бейіміне қарай мамандықтарға дұрыс бағыттап, бағдар бере алсақ, бұл мәселені оңтайлы шеше аламыз. Келешекте қайсыбір салаларда жұмыс күші азайып, кадр тапшылығы тығырыққа тірмесін десек, мәселенің алдын алуға ұмтылған абзал.

Биыл өндіріс саласында ауқымды 190 жоба іске асырылады деп жоспарланды, оның жартысынан көбі жүзеге асты. Өндіріс орнының құрылысы жүргенде, кейін ашылып, іске қосылғанда да жұмыс күші қажет. Яғни мамандарға сұраныс әр кезде



болады. Мұнай-химия, газ-химия, металлургия, тау-кен салаларында да іргелі өндірістер, кәсіпорындар салынады. Оларға біліктілігі жоғары кадрлар керек. Кәсіптік білім беретін колледждер мен жоғары оқу орындарында еңбек сұранысын қамтамасыз ететін мамандарды даярлау жүйелі жолға қойылуға тиіс.

Тағы бір түйткіл бізде өзінің мамандығымен жұмыс істемейтін, керісінше, басқа салада еңбек сіңіріп жүрген жандардың да қарасы көп. Өз қалауымен емес, адасып келіп не болмаса ата-анасының бағыттауымен оқығанымен, сол салада еңбек етуге құлық болмайды. Жұмысқа орналасқанның өзінде игеріп кете алмай қиналады. Бір ғана мысал, Жамбыл облысындағы «Қазфосфат» компаниясын басқарған жылдары жұмысқа орналасуға ықылас танытатын азаматтар жиі келетін. Көпшілігінің мамандығы өндіріспен мүлде қабыспайды. Жұмыс беруші мекеме болғандықтан, оларды қабылдап, өндіріс технологиясын, еңбек қауіпсіздігін, жұмысшының міндеттері мен жүктемесін үйретуге уақыт кетеді. Яғни білім базасы жоқ жандарды сол салаға бейімдеуге компания қосымша қаражат шығындайды.

Қазір де маған сауал жолдаушылардың арасында жұмысқа орналасуға қолдау танитсаңыз деп хабарласатындар көп. Бірақ көпшілігінің жоғары білімі жоқ, кейбірі басқа мамандықты меңгерген, соған қарамастан өндірісте жұмыс істеуге ықыласты. Бұл проблема басқа салаларда да бар. Сондықтан әр

үйде ата-ана баласынан келешекте қандай мамандық иесі болатынын сұрап, соған қарай бейімдесе, құба-құп. Әрбір жас маман өзінің меңгерген мамандығымен өнімді еңбек етуге талпынғаны дұрыс.

– Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында инвестиция тартуға баса мән беріп, тиісті органдарға тапсырма жүктеді. Қазынаға түскен қаржы өндіріс, кәсіпорындардың салынуына, жұмыс орындарының артуына септігін тигізетінін де баса айтты.

– Өндіріс, кәсіпорын салынып, іске қосылса, жұмыс орындары ашылып, сұраныс артады. Президент жуырда АҚШ-қа ресми сапармен барып, бірнеше елдің басшыларымен кездесті. Әлемдегі алпауыт компаниялардың, бизнес қауымдастықтардың жетекшілерін қабылдап, келіссөздер жүргізді, бірқатар келісімге қол қойылды. Жетекші мемлекеттер еліміздегі уран өндірісі, энергетика саласы, қаржы жүйесін цифрландыру сынды бағыттарға инвестиция құюға ықылас танытты. Кәсіпорындар салынса, жаңа жұмыс орындары қоса ашылады. Сол тұрғыда мемлекетімізге инвестиция тарту уақыт талабы әрі ешқашан маңызын жоймайды.

– Өңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

БАЙҚАУ

## БҰРЫМДЫ АРУ – ҰЛТТЫҢ КӨРКІ

Қазақ халқы ертеден-ақ қыз бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Қыз – әдеміліктің, нәзіктіктің, ибалылықтың символы. Ұлттың ұяты мен абыройы да қыздың тәрбиесімен өлшенген. Осындай ұлттық құндылықтарды жаңғыртып, жастар арасында салт-дәстүрді дәріптеу мақсатында қала әкімдігі мен қалалық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Қыздарға әсемдік жарасады» атты бұрымды қыздар байқауы өтті.

Қалалық мәдениет үйінде Республика күні қарсаңында ұйымдастырылған байқауда бес ару өз бақтарын сынады. Бұл байқау – тек қана қыздардың шаш ұзындығын көрсететін жарыс ғана емес, сонымен қатар олардың өнері мен ақылына, ұлттық құндылықтарға деген құрметіне де баға беретін рухани іс-шара. Байқау барысында арулар қазақтың ұлттық киімін киіп өнерлерін ортаға салды.

Ең басты ерекшелік – қыздардың қолан шашын табиғи қалпында көрсетуі. Қазақ халқында «шаш – қыздың көркі», «бұрымды қыз – ұлттың шырағы» деген ұғымдар бекер айтылмаған.

– Мұндай байқаулар қыз балалардың бойындағы ұлттық рухты оятып, олардың өзін-өзі тануына, өнер мен мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға себеп болады. Сонымен қатар бұрыммен күтіп, табиғи сұлулығын сақтауға да ықпал етеді. Байқау қатысушылары 15-25 жас аралығындағы өңірімізде білім алатын арулар. Қатысушының шаш ұзындығы 1 метрден аса, шашының қалыңдығы 10 см болу керек. Бес кезеңде арулар шаш үлгісімен ғана емес, ақыл-парасатымен

де оқ бойы оза шабу қажет, – дейді әділ-қазылар алқасының мүшесі, қалалық мәдениет үйінің әдістемелік бөлімінің меңгерушісі Байжан Айтқабұлұлы.

Жалпы, байқау 5 кезеңнен тұрды. Алдымен қазылар алқасы қыздардың шашының ұзындығы мен қалыңдығын және сахнаға шығу образын бағалады. Ал екінші кезеңде қыздар бейнесілайд арқылы өздерін және отбасыларын таныстырды. «Білікті қыз» аталымында қатысушылар салт-дәстүрге байланысты сұрақтарға жауап беріп, аяқталмаған мақал-мәтелдерді жалғастырды. Ал келесі кезеңде жеміс-жидектерді әсемдеп турау бойынша шеберлік сабақтарын көрсетті. Қорытынды кезеңде сән мен сымбаттың үйлесімін таба отырып, 10 минуттың ішінде әр түрлі шаш үлгісін жасап, кешкі сәнді көйлекпен дефилеге шықты. Сондай-ақ арулар өздерінің шаш күтімі мен шаш өсірудегі құпияларын көпшіліктен бөлісті.

Тартысты өткен бұрымды қыздардың байқауында ІІІ орынды Жамбыл медициналық колледжінің 4 курс студенті Балнұр Шоман алса, ІІ орын М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің 3 курс



студенті Альбина Тілепке бұйырды. Ал жүлделі І орынға Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің І курс студенті Шапағат Әкімғали лайық деп танылды. Сондай-ақ өзге де қатысушылар ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.

– Мен бұл сайысқа ұзақ дайындалдым. Қарсыластарымның дайындығы да жоғары деңгейде екенін көріп, бәсекенің

қатты болатынын білдім. Байқау қатысушылары тек сұлулығымен емес, білімімен, өнерімен, ибалы мінезімен ерекшеленіп, көпшілікке үлгі бола білді. Бұл – сұлулықтың сыртқы келбетпен ғана өлшенбейтінін, нағыз сұлулық – тәрбие мен рухани байлықта екенін тағы бір көрсетті, – дейді «бұрымды ару» Шапағат Әкімғали.

«Бұрымды қыз» байқауы – ұлттық

тәрбиенің бір көрінісі. Мұндай іс-шаралар арқылы жастар өз ұлтының тарихын, мәдениетін танып, ұлттық болмысты бағалауды үйренеді. Ал бұрыммен күтім, бойына ибалылық пен көркем мінезді қатар ұстанған қазақ қызы – ұлттың ең қымбат қазынасы болып қала береді.

Арайлым БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ



МЕНШІК ИЕСІ:  
«Жамбыл-Тараз»  
газетінің редакциясы» ЖШС  
Қабылдау бөлмесі: 45-62-65

Бас редактор –  
САЯТХАН САТЫЛҒАНОВ

Бас редактордың  
орынбасары:

Жауапты хатшы:

Тілшілер:

Дизайнер:

Корректор:

Тілшілер:

Жарнама менеджері:

Нөмірдің кезекшісі:

Мұратхан ӘЛІМХАН  
Құрбанәлі ШАХАБАЙ  
Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ  
Арайлым ШАБДЕНОВА  
Анель ТОТАНБАЕВА

Сәндібек ДОСТАНБЕКОВ  
Ләззат ЖЫЛҚЫБАЕВА

54-66-64

Жансая БАЗАРБАЕВА

Мұратхан ӘЛІМХАН

SMM БӨЛІМІ

Контент-редактор:

Жаннұр МУХАНОВА

Фото-видео монтажер:

Нұрлан БЕКТҮРСЫН

Авторлар пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы емес. Қолжазбалар әдеби тұрғыда өңделеді және авторға қайтарылмайды.

Ақпарат ақиқаттығына мақала авторы, ал жарнама мен хабарландыру үшін тапсырыс иелері жауап береді. «Jambyl-Taraz» газетінің материалдарын көшіріп басу үшін редакцияның келісімі керек.

Мекенжайымыз:

Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов, 7 «А»

e-mail: jambyltaraz1996@gmail.com

Жалпы тиражы: 11 827

Тапсырыс: 559

Газет қазақ және орыс тілдерінде аралас, аптасына екі рет шығады.

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №КЗ87VPU00060446 куәлік 2022 жылғы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінен берілген.

Жазылу индексі: 65605

Газет «ERNUR-MEDIA» ЖК-да

басылды.

Тараз қ., Төле би, 36 «Б».

Газет мекенжайыңызға уақытылы келмесе, мына телефондарға хабарласңыз:

8 771 088 60 44

8 705 789 70 74